



Ырғыз ауылы

село Иргиз

№ 9

20 қаңтар 2022 жыл

**Сауда-саттыққа шығарылатын жер учаскесінің
тізбесін қалыптастыру және бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 14-1, 17, 48-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалға алу құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2022 жылы сауда-саттыққа шығарылатын жер учаскесінің тізбесі қалыптастырылсын және бекітілсін.

2. «Ырғыз аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі сауда-саттыққа шығару үшін тізбедегі жер учаскесіне қатысты жерге орналастыру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырсын және осы қаулыдан туындайтын өзге де тиісті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді.

Аудан әкімі



Ә.Әуелбаев

00306*

Аудан әкімдігінің 2022 жылғы
«__» _____ №__
қаулысына қосымша

**2022 жылы сауда-саттыққа шығарылатын
жер учаскесінің тізбесі**

р/с	Учаске нөмірі	Көлемі, га	Орналасқан жері
1	№1	0,9950 га	Ырғыз ауылдық округі, Қалыбай ауылы «Самара-Шымкент» тас жолының бойынан